

**«ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

050040, г. Алматы, Коктем-3, дом 21
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

12.06.2017ж. № 33-2-04/2618

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Халық коммунистері»
фракциясының
депутаттары**

**Т. Сыздықовқа
Ж. Ахметбековке
Г. Баймахановаға
А. Қоңыровқа
В. Косаревке
М. Магеррамовқа
И. Смирноваға**

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Ұлттық Банкі Сіздерге жинақтаушы зейнетақы жүйесі мәселелеріне баса көңіл бөлгендеріңіз үшін алғыс білдіреді. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқарудың ақпараттық ашықтығы мен айқындылығы Ұлттық Банк жұмысының басым бағыттары болып табылады, оның шеңберінде азаматтардың зейнетақы жүйесіне сенімін арттыруға мүмкіндік беретін кері байланыстың түрлі құралдары пайда болады.

Зейнетақы активтерін басқару жүйесінің реформасына қатысты

Зейнетақы активтерін басқару жүйесінің реформасы жұртшылықпен, оның ішінде мемлекеттік органдар, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен халық арасында қарым-қатынас жасау алаңы болып табылатын Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – БЖЗҚ) жанындағы Қоғамдық кеңес отырыстарының шеңберінде кеңінен талқылануда.

Реформаның негізгі мақсаттары салымшыны оның зейнетақы жинақтарын инвестициялау процестеріне тарту, зейнетақы активтерін

инвестициялау процесінің айқындылығы және инвестициялық кірістілікті арттыру болып табылады. Лайықты зейнетақыны қамтамасыз етуге жауапкершіліктің зейнетақы жүйесінің барлық субъектілерінде: мемлекетте, жұмыс берушіде және қызметкердің өзінде болғаны абзал. Қазіргі кезде мемлекет салымшылар үшін бәрін шешеді. Реформадан кейін салымшылар тек басқарушы компанияны ғана емес, сол сияқты зейнетақы жинақтарын басқарудың инвестициялық стратегиясын да дербес тандай алады.

Нарықта жеке басқарушы компаниялардың пайда болуы азаматтардың жеке жинақтарын басқару кезінде мемлекеттің мүдделер қақтығысын барынша азайтуға мүмкіндік береді. Өз кезегінде, бәсекелес ортадағы жұмыс басқарушы компанияларды көп инвестициялық кіріс алуға ынталандырады, ал салымшылар өзінің басқарушы компаниясы қызметінің нәтижелерін оның бәсекелестерінің көрсеткіштерімен салыстыра отырып зейнетақы жинақтарын басқарудың тиімділігін бағалай алады.

Жеке басқарушы компаниялардың негізгі міндеті азаматтардың зейнетақы жинақтарын сақтау және көбейту болуға тиіс. Басқарушы компанияларға қатаң талаптар, оның ішінде қажетті кірістілік деңгейін қамтамасыз етуге, тәуекелдерді басқару жүйесіне және меншікті капиталдың мөлшеріне қатысты талаптар қойылады. Басқарушы компаниялардың қызметі реттеуші тарапынан мұқият қадағалау арқылы жүзеге асырылады, зейнетақы активтерін жеке басқаруға беру тәртібі заңнамамен реттеледі.

Зейнетақы активтерін жеке басқарушы компанияларға басқаруға беру мемлекеттің азаматтардың зейнетақы жинақтарын инвестициялық басқару және сақталуын қамтамасыз ету үшін жауапкершілігін алып тастайды дегенді білдірмейді. Мемлекеттің инфляция деңгейін ескере отырып міндетті зейнетақы жарналарын сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі кепілдік беруі заң деңгейінде сақталады.

Зейнеткерлік және зейнеткерлік алдындағы жастағы адамдардың зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз етудің тағы бір тетігі Ұлттық Банктің олардың жинақтарын міндетті басқаруы болып табылады. Ұлттық Банк басқарушы компанияны таңдамаған салымшылардың да зейнетақы активтерін басқаруды жалғастырады.

БЖЗҚ зейнетақы жарналарын тартуды және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қоса алғанда, жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша барлық қаржы және ақпарат ағындарының бірыңғай басқарушы ретінде жұмыс істеуін жалғастырады, салымшыларға консультациялық және

акпараттық қызметтерді көрсете отырып, олармен «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс жүргізетін болады. БЖЗҚ-ның коммерциялық емес ұйым болып табылатынын ескере отырып, БЖЗҚ-ны қамтамасыз ету оның меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады.

Жеке жинақтаушы зейнетақы қорларынан (бұдан әрі – ЖЗҚ) зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға берген кезде қаражатты жоғалтуға қатысты

Зейнетақы активтерін жеке ЖЗҚ-дан БЖЗҚ-ға беру қатаң түрде заңнаманың талаптарына сәйкес толық көлемде жүзеге асырылды.

Зейнетақы активтері БЖЗҚ-ға біріктірілгеннен кейін «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС тәуелсіз бағалаушысы зейнетақы портфелін құрайтын барлық қаржы құралдарының құнына нарықтық құн бойынша қайта бағалауды жүргізді. Мұндай бағалау нәтижелері бойынша қаржы құралдарының құнын төмендету көптеген факторлар мен мән-жайларға байланысты болды, оның ішінде әлемдік қаржы дағдарысының салдарына, қаржы құралдарын сатып алудың түрлі кезеңіне және тиісінше, қаржы құралдарының ХҚЕС-ке сәйкес жіктелуіне байланысты олардың жеке БЖҚ портфельдеріндегі түрлі сатып алу және есепке алу құнына, «зәкірлік» инвесторлар болып табылатын жеке ЖЗҚ нарықтан кеткеннен кейін ішкі қор нарығындағы сауда белсенділігінің төмендеуіне байланысты орын алды.

Ағымдағы сәттегі жағдай бойынша зейнетақы портфелінде өзінің міндеттемелері бойынша дефолтқа жол берген 21 эмитенттің бағалы қағаздары есепте тұр. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап осы уақытқа дейінгі кезеңде БЖЗҚ алдындағы өтелген берешектің жалпы сомасы 272,0 млн. теңге болды. Ұлттық Банк және БЖЗҚ дефолтқа жол берген эмитенттерден берешекті өндіріп алу бойынша шағым-қуыным жұмысын жалғастырады, олардың нәтижелері туралы Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңеске жыл сайын хабарлайды. Он екі эмитент бойынша берешекті зейнетақы активтерінің пайдасына өндіріп алу туралы сот шешімдері шығарылды және атқарушылық іс жүргізу қызметі жүргізіледі, бес эмитент банкрот болып танылды, екі эмитентке қатысты сауықтыру рәсімі жүргізілуде.

Қазіргі уақытта зейнетақы портфелін тәуелсіз бағалау жылына екі рет жүргізіледі. Тиісінше, осы портфельдегі қаржы құралдарының құны нарықтық болып табылады.

Екінші деңгейдегі банктердің қаржы құралдарына орналастырылған зейнетақы активтерінің сақталуын қамтамасыз етуге қатысты

Зейнетақы активтері БЖЗҚ-ға берілгеннен кейін банк секторына инвестициялар 33,9% болды. 2016 жылы 200,0 млрд. теңге лимит кезінде банктерге 112,8 млрд. теңге инвестицияланды. 2016 жылдың басынан бері 2017 жылдың 31 мамырға дейін жаңа инвестициялардың қысқаруы және банктердің міндеттемелерін жоспарлы өтеу есебінен банк секторының зейнетақы активтеріндегі үлесі 33,9%-дан 25,2%-ға дейін төмендеді.

Заңнамада зейнетақы активтерінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар көзделген. Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банк таратылған жағдайда зейнетақы активтері есебінен жүзеге асырылған депозиттер бойынша талаптар төртінші кезекте, яғни жеке тұлғалардың депозиттері бойынша талаптар сияқты кезектілікпен қанағаттандырылады.

Ағымдағы кезеңде лицензияларынан айырылған банктерде орналастырылған зейнетақы активтерінің инвестицияларын қайтаруға байланысты проблемалар жоқ. Мысалы, «Қазинвестбанк» АҚ-қа депозитке орналастырылған зейнетақы активтері есептелген сыйақыны ескере отырып 3,0 млрд. теңгеден асатын сомаға толық көлемде «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-қа берілді. Зейнетақы қаражаты «Альфа-Банк» ЕД АҚ-қа депозитке 3 жылдық мерзімге және жылдық 8,0% сыйақы мөлшерлемесімен орналастырылды (*анықтама үшін: сәуірдің қорытындысы бойынша инфляцияның жылдық деңгейі 7,5%-ды құрады*).

Зейнетақы активтерін басқару нәтижелерімен БЖЗҚ-ның сайтында (www.enpf.kz) танысуға болады.

Құрметпен,

Төраға

Д. Ақышев

№ исх: 33-2-04/2618 от: 12.06.2017

**«ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BНК KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

12.06.2017г. 33-2-04/2618



**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ**

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

050040, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BНК KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

**Депутатам фракции
«Народные коммунисты»
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**

**Т. Сыздыкову
Ж. Ахметбекову
Г. Баймахановой
А. Конурову
В. Косареву
М. Магеррамову
И. Смирновой**

Уважаемые депутаты!

Национальный Банк Казахстана благодарит Вас за внимание к вопросам накопительной пенсионной системы. Информационная открытость и прозрачность инвестиционного управления пенсионными активами являются приоритетными направлениями работы Национального Банка, в рамках которой создаются различные инструменты обратной связи, позволяющие повысить доверие граждан к пенсионной системе.

Касательно реформы системы управления пенсионными активами

Реформа системы управления пенсионными активами широко обсуждается с общественностью, в том числе в рамках заседаний Общественного совета при Едином накопительном пенсионном фонде (далее – ЕНПФ), являющегося площадкой для диалога между государственными органами, независимыми экспертами, представителями средств массовой информации и населением.

Основными целями реформы являются вовлечение вкладчика в процессы управления его пенсионными накоплениями, прозрачность

процесса инвестирования пенсионных активов и повышение инвестиционной доходности. Необходимо, чтобы ответственность за обеспечение достойной пенсии лежала на всех субъектах пенсионной системы: государстве, работодателе и самом работнике. Сейчас государство решает всё за вкладчиков. После реформы вкладчики смогут самостоятельно выбрать не только управляющую компанию, но и инвестиционную стратегию управления пенсионными накоплениями.

Появление на рынке частных управляющих компаний позволит минимизировать конфликт интересов государства при управлении частными накоплениями граждан. В свою очередь, работа в конкурентной среде будет стимулировать управляющие компании к получению большего инвестиционного дохода, а вкладчики смогут оценивать эффективность управления пенсионными накоплениями, сравнивая результаты деятельности своей управляющей компании с показателями ее конкурентов.

Основной задачей частных управляющих компаний должно стать сохранение и преумножение пенсионных накоплений граждан. К управляющим компаниям будут предъявляться жесткие требования, в том числе в отношении обеспечения необходимого уровня доходности, системы управления рисками и размеру собственного капитала. Деятельность управляющих компаний будет осуществляться под пристальным контролем со стороны регулятора, порядок передачи пенсионных активов в частное управление будет регламентирован законодательством.

Передача пенсионных активов в управление частным управляющим компаниям не означает, что государство снимает с себя ответственность за результаты инвестиционного управления и обеспечение сохранности пенсионных накоплений граждан. На уровне закона сохранится гарантия государства по обеспечению сохранности обязательных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции.

Еще одним механизмом обеспечения сохранности пенсионных накоплений лиц пенсионного и пред-пенсионного возраста будет являться обязательное управление их накоплениями Национальным Банком. Национальный Банк также продолжит управлять пенсионными активами вкладчиков, которые не сделают выбор управляющей компании.

ЕНПФ останется функционировать в качестве единого администратора всех финансовых и информационных потоков по накопительной пенсионной системе, включая привлечение пенсионных взносов и осуществление пенсионных выплат, будет осуществлять работу с вкладчиками по принципу «одного окна», оказывая им консультационные и информационные услуги. Учитывая, что ЕНПФ является некоммерческой организацией, содержание ЕНПФ будет осуществляться за счет его собственных средств.

Касательно потери средств при передаче в ЕНПФ пенсионных активов от частных накопительных пенсионных фондов (далее - НПФ)

Передача пенсионных активов в ЕНПФ была осуществлена в полном объеме в строгом соответствии с требованиями законодательства.

После объединения пенсионных активов в ЕНПФ, независимым оценщиком ТОО «КПМГ Такс энд Эдвайзори» была проведена переоценка стоимости всех финансовых инструментов, составляющих пенсионный портфель, по рыночной стоимости. Снижение стоимости финансовых инструментов по результатам такой переоценки было обусловлено множеством факторов и обстоятельств, в том числе последствиями мирового финансового кризиса, различным периодом приобретения финансовых инструментов и, соответственно, различной покупной и учетной стоимостью финансовых инструментов в портфелях частных НПФ в зависимости от их классификации в соответствии с МСФО, снижением активности торговли на внутреннем фондовом рынке после ухода с рынка частных НПФ, являвшихся «якорными» инвесторами.

По состоянию на текущий момент в пенсионном портфеле числятся ценные бумаги 21 эмитента, допустившего дефолт по своим обязательствам. За период с 1 января 2016 года по настоящее время общая сумма погашенной перед ЕНПФ задолженности составила 272,0 млн. тенге. Национальный Банк и ЕНПФ продолжают претензионно-исковую работу по взысканию задолженности с эмитентов, допустивших дефолты, о результатах которой ежегодно информируется Совет по управлению Национальным Фондом. По двенадцати эмитентам вынесены судебные решения о взыскании задолженности в пользу пенсионных активов и ведется сопровождение исполнительного производства, пять эмитентов признаны банкротами, в отношении двух эмитентов проводится реабилитационная процедура.

В настоящее время независимая оценка пенсионного портфеля проводится дважды в год. Соответственно, стоимость финансовых инструментов в данном портфеле является рыночной.

Касательно обеспечения сохранности пенсионных активов, размещенных в финансовые инструменты банков второго уровня

После передачи в ЕНПФ пенсионных активов инвестиции в банковский сектор составляли 33,9%. В 2016 году в банки было инвестировано 112,8 млрд. тенге при лимите 200,0 млрд. тенге. За счет сокращения новых инвестиций и плановых погашений обязательств банков доля банковского сектора в пенсионных активах снизилась с начала 2016 года по 31 мая 2017 года с 33,9% до 25,2%.

Законодательством предусмотрены меры по обеспечению сохранности пенсионных активов. В частности, согласно Закону Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан» в случае ликвидации банка требования по депозитам, осуществленным за счет пенсионных активов, удовлетворяются в четвертую очередь, т.е. в той же очереди что и требования по депозитам физических лиц.

На текущий момент проблемы возврата инвестиций пенсионных активов, размещенных в банках, лишенных лицензий, отсутствуют. Например, пенсионные активы, которые были размещены на депозит в АО «Казинвестбанк», переданы в полном объеме на сумму более 3,0 млрд. тенге с учетом начисленного вознаграждения в АО ДБ «Альфа-Банк». Пенсионные средства размещены на депозите АО ДБ «Альфа-Банк» сроком на 3 года и ставкой вознаграждения 8,0% годовых (*справочно: по итогам апреля годовой уровень инфляции составил 7,5%*).

С результатами управления пенсионными активами можно ознакомиться на сайте ЕНПФ (www.enpf.kz).

**С уважением,
Председатель**

Д. Акишев